

3 ақпан 2021 жыл.

Қ.Сәтбаев атындағы орта мектепте өткен қамқоршылық кеңес жиналысының

Хаттамасы №3

Қатысқандар: Қамқоршылық кеңесінің 9 мүшесі

1. А.Бикол – 8 – сынып - ата – ана
2. Г.Ашимханова – ауыл тұрғыны
3. С.Кабдолов – ТОО «ISAPA» менеджері.
4. М.Рахманова – 7- сынып - ата – анасы.
5. У.Айнабеков – «Транс – сервис Акжол» директоры.
6. С.Сагиндыков -4- сынып- ата – анасы.
7. Г.Жумағалиева – жеке кәсіпкер
8. А.Сақтағанова – мектеп инспекторы.
9. Н.Бахтиярова – жеке кәсіпкер.

Мектеп басшысы: Махметова А.Ш.

Күн тәртібі: "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары туралы.

Махметова А.Ш. – мектеп директоры

2.«Атырау облысының тұрғындары арасында коронавирустық инфекциясы таралуының алдын алу мақсатында карантиндік шараларды күшейту туралы» Атырау облысының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2021 жылғы 21 қаңтардағы № 1 ҚАУЛЫСЫ.

Қамқоршылық кеңес төрағасы

Тыңдалды: I. Махметова А.Ш. – мектеп директоры.

"Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

Осы "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидалары (бұдан әрі – Санитариялық қағидалар) меншік нысанына карамастан білім беру объектілерінде объект салынатын жер учаскесін таңдауға, жобалауға, реконструкциялауға, пайдалануға, сумен жабдықтауға, су бұруға, жылумен жабдықтауға, жарықтандыруға, желдетуге, ауаны баптауға, жөндеуге және күтіп-ұстауға, тұру, тамақтану, оқыту жағдайларына және өндірістік практикаға, өндірістік бакылауға, персоналдың еңбек және қызмет көрсету жағдайларына, білім алушылар мен тәрбиеленушілерді медициналық қамтамасыз етуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды белгілейді.

Осы Санитариялық қағидалар балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілерін (бұдан әрі – мектепке дейінгі ұйымдар) қоспағанда, білім беру ұйымдарының объектілеріне, оның ішінде білім алушылар мен тәрбиеленушілерді оқыту, тәрбиелеу, тұру және тамақтану орнын ұйымдастыру объектілеріне, барлық түрдегі және типтегі интернат ұйымдарына (бұдан әрі – объектілер) қолданылады.

2- мәселе бойынша қамқоршылық кеңес төрағасы А.Бикол сөйледі.

Халық арасында COVID-19 коронавирустық инфекциясының таралуының алдын алу мақсатында Қазақстан Республикасының 2020 жылғы 7 шілдедегі «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» Кодексінің 9,36,102,104 және 107-баптарына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы

25 желтоқсандағы №67 қаулысына, Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік санитариялық дәрігерінің 2020 жылғы 25 желтоқсандағы №68 қаулысына, Атырау облысы аумағында қалыптасқан қолайсыз эпидемиологиялық жағдайды ескере отырып, коронавирустық инфекцияның таралуын болдырмау мақсатында қаулысы шықты.

Осы қаулы бойынша мынадай шаралар жасалуы қажет:

мемлекеттік көрсетілетін қызмет орталықтарында мемлекеттік кіріс ғимараттарының жұмыс уақыты кестесін белгілей отырып, ұйымдастырылсын. Карантин шараларын сақтау үшін мемлекеттік кіріс органдарына (Атырау қ. бойынша МКБ-ы www.kgd.gov.kz сайты, E-salyq мобильді қосымшасы арқылы кезекті алдын ала жазылу) немесе қалған өңірлердегі аумақтық басқармалар қоңырау шалу арқылы алдын ала жазылу бойынша халыққа қызмет көрсетулерін ұсынылады;

- балалар түзету кабинеттері, балалардың білім беру орталықтары, балаларды дамыту орталықтары, **үйірмелер, балаларға арналған курстар (15 адамнан аспайтын топтар) алдын –ала жазылу бойынша жұмыс кестесі сағат 09.00-ден 18.00-ге дейін;**

- мектепке дейінгі балалар ұйымдарының кезекші топтарындағы (саны 15 баладан аспайтын) жатын бөлмелеріндегі кереуеттер арасындағы қашықтық кемінде 1 метр болуын сақтау;

- медициналық орталықтар, кабинеттер, стоматологиялық клиникалар және тағы басқалар.


Сөйлеушілер: Қамқоршылық кеңес мүшелері

Кәсіпкер Динара Джумахметованың көмегімен мектепке маска, антисептиктер алынып, санитарлық шаралар жасалып жатқанын айтып өтті. Сонымен қатар әр кабинетте санитарлық ережелер жазылып, белгілер қойылған.

Шешім:

1. Санитарлық талаптарды қадағалау қамқоршылық кеңестің мүшеллеріне тапсырылсын..

Мәжіліс төрағасы:

Хатшысы: 

Бикол.А.

Қашқынғалиева С.С.